

## **М.Сиранов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жалпы сипаттама.**

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Атырау облысы білім басқармасының Индер аудындық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «М.Сиранов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

БСН 980240002174 занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы күелігі 2021 жылдың 26 қантарында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 1999 жыл 15 наурыз

Занды мекен-жайы: 060202, Қазақстан Республикасы Атырау облысы Индер ауданы Елтай селосы Женіс көшесі-18 үй. Электрондық мекен-жайы: shsiranov\_eltai@mail.ru, Телефон, факс: 8 (71234) 25-2-45.

- Мектептің техникалық паспорты 2012 жылы 26 желтоқсанда жасалған. Сериясы –A, қабат саны-2, құрылым ауданы-1183,1, гимараттың ауқымы-8281, жалпы алаң-3697,5 салынған жылы-1971 жыл (көшірме қосымша ұсынылады).

- «М.Сиранов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 11.01.2021 жылы тіркелген (көшірме қосымша ұсынылады);

- «М.Сиранов атындағы орта мектебі» КММ-нің басқару органы -«Атырау облысының білім басқармасының Индер ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі; Құрылтайшысы-«Атырау облысының әкімдігі».

- Атырау облысы Индер ауданы Елтай селолық округі әкімінің 2002 жылғы 16 қантардағы № 2 шешімі негізінде тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (жер участесінің алаңы – 2,6800 га) кадастрылық номері: 04-060-008-075 (көшірме қосымша ұсынылады).

- Мектептің мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру қызметі КР «Білім туралы» заңына, КР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, КР БЖФМ нұсқаулық ҳаттары мен бүйректерге, КР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, Мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.

- Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 11 қараша 2021 жылғы №KZ50RVK00037029, мерзімі– шектелмеген (көшірме қосымша ұсынылады).

Мектептің қаржы-экономикалық жағы Аудандық білім бөліміндегі орталықтандырылған. Мекеменің ағымдағы шоты, мөрі бар.

Өзін-өзі бағалау тексеру парагы:

2020-2021 оку жылында мектепалды даярлық сыйныбында тәрбие-білім беру процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бүйрекімен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), «Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бүйрекіның 1-қосымшасы сәйкес қамтамасыз етілді.

«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2020-2021 оку жылында оку процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып құрылды.

Оқытуудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;

қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;

тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;

мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;

мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру үйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында

оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабактастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;

тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;

креативтілікті, коммуникативтілікті, сынни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

Негізгі мақсат: мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу, сондай-ақ баланың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы.

Сондықтан, баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру, мектепке дейінгі білім берудің сабактастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың дene, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, әр жас тобында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуы мониторингін үйімдастыру, мектепке дейінгі үйім мен отбасының бірлескен ынтымақтастығы, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастырының қажеттілігін қанағаттандыру біздің міндетіміз болып табылады.

Баланың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал ету мақсатында бағдарламаны басшылыққа алып жұмыстанамыз.

Әр саладағы күтілетін нәтижелер сабактардағы оқу мақсаттарының жүйесі арқылы беріледі.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шенберінде үлттық салт-

дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша (бағаланатын кезенде үйімдастырылған оқу қызметінің (арнайы түзету оқу қызметі) бөлінуін растайтын құжаттардың, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

Балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, толардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау алға қойған мақсатымыз болып табылады.

Міндетіміз: - әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құруды;

- балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамытуды;

- баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану;

- ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қоғамның он көзқарасын қалыптастыруды;

- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы);

- әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

Үлттық дәстүрлер мен адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру мақсатында күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммалар, перспективалық жоспарлар, жылдық жоспарлар көшірмелері берілді.

2) МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру

(жалпы білім беру үйімі бойынша мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар, сондай-ақ жабдықтар мен жиһазға жүккүжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса беріледі);

Жыл басында даярлық сыннып балалары денсаулық саласы бойынша; журуді (тез, жылдам, аяқтың ұшымен, тізерлеп, жүгіру) біледі, бірақ баяу, сенімсіздік басым болатын. 1 - тоқсанның ортасында балалардың спортқа деген ынталары көтерілді; себебі - оларға сапқа тұру, сап түзеу, саппен жұру, таңтернгілік гимнастикадарды жасап, спорт залда ойнаған олар үшін таңсық жағдай болды. Уақыт өте келе балалар спорттың адам өміріне пайдасы зор екенін түсіне білді.

Қатынас білім беру саласы бойынша айтатын болсақ; жыл басында балалардың көпшілігі әріпті танымайтын, ойын ашық жеткізе алмайтын, ұян болатын. Тілдері дұрыс дамымаған. Балалар екінші тоқсаннан бастап қана бір біріне үйреніп, мұғалімге үйренісіп ашыла бастады. Мәтіндер бойынша әңгімелеуді, ойларын толық жеткізуі үйренеді. Тілдері жаттығып дыбыстарды дұрыс айтуға бейімделді.

3 - тоқсанның аяғына дейін балалардың басым бөлігі әріптерді танып, олардың дауысты дауыссыздарын ажыратып, дыбыстық талдау жасап, буынға бөлетін болды. Жалпы айтатын болсақ, даярлық тобының ішінде 3 - 4 баланың есте сақтау қабілеттері төменірек, әріптерді ұмытып қалады, шатастырады, буынға бөліп, әріптерді қосып оқуға қиналады.

Шығармашылық білім беру саласы бойынша; Балалардың құзыреттілік көрсеткіштері өте жақсы, балалар әуенді мұғаліммен қосылып айта алады, мәтінді жылдам жаттайды, әуенімен орындаі алады, әуенді жақсы қабылдайды. Сонымен қатар қазақтың ұлттық аспаптарын таниды, суреттерін сала алады, аттарын жатқа біледі.

Әлеуметтік білім беру саласында; барлық балалар өз беттерінше әрекет ете алады, достарымен сынныптастарымен жақсы қарым қатынаста. Олар бірімен жақсы араласады, әңгіме айтады, қалжындасады. Барлығының тәрбиелері жақсы және мәдениетті сөйлеуге үйренген. Үлкендермен амандауды, сыйлауды біледі.

Таным білім беру саласы бойынша көрсеткіштер; балалар 1 - 20 де» інгі сандарды таниды, 1 - 20 дейін сандарды қосып алады сонымен қатар пішіндерді таниды, ажыратса алады. Мысалдар мен есептер күрастыра алады және оларды шеше алады.

Балалардың даму үлгерімі мен оку үлгерімдері бойынша мынандай деңгейді көрсетеді:

- Сыныпта тыңдалым жақсы
- әр бала өзінің не істеп жатқанын түсінеді, белгілі бір білім қорына ие
- әр бала өзінің білетінін жасай алады

Осы білім салары бойынша мектепалды даярлық сынныбы жақсы көрсеткіштерді көрсетеді. Шағын орталықта да мерекелерге байланысты іс-шаралар үйымдастырылып тұрады. Атап айтатын болсақ, Жаңа жыл мерекесі, 8 наурыз-Аналар мерекесі, Наурыз мейрамы, Алтын күз, карттар күніне. Тәрбиеленушілер әр мерекеге сай киініп, өз өнерлерін көрсетеду.

3) МЖМБС және МДТО үлгілік оку бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері қоса беріледі);

Шағын орталықта 2 тәрбиеші, даярлық сынныпта 2 тәрбиеші жұмыс жасайды:

№	Аты-жөні	Білімі	Бітірген оку орны, жылы	Мамандығы	Кызметі
1	Капанова Карлығаш Капанқызы	жоғары	Бастауыш педагогикасы 2018 жылы	оқытудың әдістемесі	Шағын орталық тәрбиешісі
2	Темирболатова Гулайша	орта арнаулы	Мектепке дейінгі педагогика психология	педагогика оқытушысы	Шағын орталық

	Аронқызы		мектепке дейінгі тәрбие методисі 1984 жылы		тәрбиешісі
3	Каражанова Айгерім Абайқызы		Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университеті 2019 жылы	Тәрбиеші	Даярлық сынып тәрбиешісі
4	Амантаева Жазира Саматқызы	жоғары	АМУ                           Х.Досмухамедова 2019 жыл	Тәрбиеші	Даярлық сынып тәрбиешісі

"Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша педагогтердің үлесі 100%.

4) жеке оку жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклузивті білім беру талаптарын орындау (бағаланатын кезеңге жеке оку жоспары мен жеке бағдарламаның көшірмелері қоса беріледі);

2017-2021 оку жылдарында шағын орталықта және даярлық сыныпта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар болған жоқ.

5) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы (мектепалды жасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілер жоспарларының (карталарының) көшірмелері қоса беріледі);

Мектепалды даярлық сыныбының және шағын орталық тәрбиеленушілерінен "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" бес білім саласы бойынша диагностика жүргізілген. Баланың даму мониторингі және оның жеке дамуын бақылау парагы қағаз түрінде кезең – кезеңімен жасалған.

6) "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді үйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру (бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

Мектепалды даярлық сыныбының және шағын орталықтың тәрбиешілерінің перспективті жоспарлары мектеп директорымен бекітілген. Мектепалды даярлық сыныбының күнделікті үйымдастырылған оку іс-әрекеті циклограммада көрсетілген. Қабылдау уақыты 13:45-13:55, оку қызметінің ұзақтығы 14:00-16:10, үтеге қайту 16:10 (ата – аналармен байланыс). Үйымдастырылған оку қызметінің ұзақтығы санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес көрсетілген: 25 минуттан құрылған және мектеп директорымен бекітілген.

Шағын орталықта 2 топ: «Ересек топ» түске дейін, ал «Ортаңғы топ» түстен кейін жұмыс жасайды.

«Ересек топ»тың күнделікті үйымдастырылған оку іс-әрекеті циклограммада көрсетілген. Қабылдау уақыты 08:30-09:30, оку қызметінің ұзақтығы 09:30-11:10, серуен 11.10-12.10, сюжеттік ойындар 12.10-12.30, үтеге қайту 12:30-13.00.

«Ортаңғы топ» күнделікті үйымдастырылған оку іс-әрекеті циклограммада көрсетілген. Қабылдау уақыты 13:30-14:00, оку қызметінің ұзақтығы 14:00-15:25, серуен 15.30-16.40, сюжеттік ойындар 16.40-17.00, үтеге қайту 17:00-17.15.

Үйымдастырылған оку қызметтері – білімді игеруге, біліктер мен дағыларды меңгеруге бағытталған педагог пен тәрбиеленушілердің бірлескен іс-әрекеті негізінде жүргізілген. Сабак кестесіндегі, перспективті жоспардағы пәндер саны оку жұмыс жоспарына сәйкес келеді.

Мектепалды даярлық сыныбының арнайы оку бөлмесі 54,6ш/м құрайды. "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" бес білім беру саласына негізделіп бұрыштар жасалған. Балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және

эмоционалдық дамуын қамтамасыз ету жағдайларына қарай түрлі ойыншықтар(мозайкалар, құрастырығыштар, т.б.) бар.

2018-2019 оку жылы – Республикалық «Адалдық, әділдік» тақырыбында өткен көркемсөз шеберлері сайсында Набидолла Айназ (мектепалды даярлық сыйныбы) III орын иеленді. Аудандық «Тіл – ұлт қазынасы» байқауында Ергали Ырысты II орын, Манасұлы Айдын III орындар алды

2019-2020 оку жылы - аудандық «Адам және табиғат» байқауында Үмітқали Жігер және Айғали Арап III орындармен марапатталды. Республикалық «Тәрбие бастауы - балабақшадан» жасөспірімдер байқауында Жанатқалиұлы Жанарыс – I орын. «Дарабоз» атты шығармашылық «Қысқы пейжаз» тақырыбында Қалыбай Данияр I орынмен марапатталды.

2020-2021 оку жылы – республикалық IQcenter білім порталы мен Республикалық «Ұлан» басылымының ұйымдастыруымен өткен байқауда «Дарабоз» наминациясы бойынша Талғатқызы Гүлназ, Әміргали Альмира II орын (мектепалды даярлық сыйнып).

7) тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы мониторинг) болуы (бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмесі қоса беріледі).

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісі әр жылға бар, жинақталған. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оку бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған:

- 1) бірінші деңгей – бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады;
- 2) екінші деңгей – бала белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді;
- 3) үшінші деңгей – бала өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады.

2021-2022 оку жылына жасалған бастапқы мониторинг қорытындысы төмендегідей:

Топтар	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
Ерте жас	6	«Денсаулық» -6 «Шығармашылық»-6 «Таным»- 6 «Қатынас»-6	«Денсаулық» -0 «Шығармашылық»-0 «Таным»- 0 «Қатынас»-0	«Денсаулық» -0 «Шығармашылық»-0 «Таным»- 0 «Қатынас»-0
Кіші топ	8	«Денсаулық» -8 «Шығармашылық»-5 «Таным»- 4 «Қатынас»-3	«Денсаулық» -0 «Шығармашылық»-3 «Таным»- 4 «Қатынас»-5	«Денсаулық» -0 «Шығармашылық»-0 «Таным»- 0 «Қатынас»-0
Ортаңғы топ	6	«Денсаулық» -0 «Шығармашылық»-4 «Таным»- 2 «Қатынас»-4 «Әлеумет» -1	«Денсаулық» -6 «Шығармашылық»-2 «Таным»- 4 «Қатынас»-2 «Әлеумет» -5	«Денсаулық» -0 «Шығармашылық»-0 «Таным»- 0 «Қатынас»-0 «Әлеумет» -0
Ересек топ	11	«Денсаулық» -0 «Шығармашылық»-10 «Таным»- 5 «Қатынас»-7 «Әлеумет» -0	«Денсаулық» -11 «Шығармашылық»-1 «Таным»- 6 «Қатынас»-4 «Әлеумет» -11	«Денсаулық» -0 «Шығармашылық»-0 «Таным»- 0 «Қатынас»-0 «Әлеумет» -0
Даярлық сыйнып	15	«Денсаулық» -0 «Шығармашылық»-0	«Денсаулық» -8 «Шығармашылық»-	«Денсаулық» -7 «Шығармашылық»-

		«Таным»- 0 «Қатынас»-0 «Әлеумет» -0	8 «Таным»- 11 «Қатынас»-11 «Әлеумет» -3	7 «Таным»- 4 «Қатынас»-4 «Әлеумет» -12
--	--	---	--	---

Бастапқы мониторинг қорытындысы көрсетіп отырғандай: «Ерте жас» барлық тәрбиеленушілер жаңадан қабылданған соң I деңгейді көрсетіп отыр.

8. Тәрбиеленушілердің оку жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оку жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

Оку жүктемесінің ең жоғары көлемі МДТО ҮОЖ белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілді:

Тәрбиеленушілердің оку жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар Үлгілік оку жоспарларында белгіленеді.

2020-2021 оку жылдарында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспары» ҚР БФМ 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығы басшылыққа алынды.

Жас топтары бойынша ұйымдастырылған оку қызметінің аптадағы жалпы көлемі келесі:

- 1) ортаңғы топ (3-4 жастағы балалар) –ұзақтығы 15-20 минуттан 12 сағат;
  - 5) ересектер тобы (4-5 жастағы балалар) –ұзақтығы 25-30 минуттан 17 сағат;
  - 6) орта білім беру ұйымындағы мектепалды даярлық сынныбы (5-6 жастағы балалар) – ұзақтығы 25-30 минуттан 20 сағат.
- 2) оқыту тілдері бойынша апталық оку жүктемесінің сақталуы.

Оқыту тілі - қазақша. Басшылыққа «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспары» ҚР БФМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығының 1-қосымшасы 2016-2017, 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020 оку жылдары алынды. 2020-2021 оку жылында «Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 мамырдағы №195 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынды.

Оку жылдары	Оқыту тілі	Үлгілік оку жоспары
2017-2018	Қазақша	
2018-2019	Қазақша	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспары» ҚР БФМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығының 1-қосымшасы
2019-2020	қазақша	ҚР БФМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспары (2018 жылғы 10 қазандағы № 556 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)
2020-2021	қазақша	«Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1-қосымшасы

Оку жылы	Топтар	Жалпы көлемі	Вариативтік компонент	Оку жүктемесі
2017-2018	Ересек топ	11с	1с	12с
	Ортаңғы топ	12с	2с	14с
	Даярлық сыннып	20	4	24с
2018-2019	Ересек топ	11с	1с	12с
	Ортаңғы топ	12с	2с	14с
	Даярлық сыннып	20	4	24с

	Ересек топ	11с	1с	12с
2019-2020	Ортаңғы топ	12с	2с	14с
	Даярлық сыйнып	20	4	24с
	Ортаңғы топ	11с	1с	12с
2020-2021	Ересек топ	12с	2с	14с
	Даярлық сыйнып	17	3	20с

9. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

- 1) МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша менгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру (МДТО ҮОЖ әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бір бейне материалы қоса беріледі);
- 2) жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау (осы Өлшемшарттардың 8-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте, мониторингісінің (қорытынды) көшірмелері қоса беріледі).

10. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

- 1) жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау (осы Өлшемшарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі);

Ауылдық жерде бала санының аздығына байланысты шағын орталықта тек 2 топ жұмыс жасайды. 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020 оқу жылдарында «Ортаңғы топ» 3-4 жастағы, «Ересек топта» 4-5 жастағы балалар тәрбиеленді.

2020-2021 оқу жылында «Ортаңғы топ» (3 жастан бастап) және «Ересек топ» (4 жастан бастап) болып 2 топқа бөлінді.

Биылғы 2021-2022 оқу жылында шағын орталықтағы 2 топта да әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақталды. 2-топ «Ортаңғы» мен «Ересек» топ.

- 2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салалары бойынша жұмыстар жүргізіледі. Оқытуудың нәтижелері көрсеткіштер ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз етеді және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылады.

Мектепалды даярлық сыйныбында денсаулық сақтау дағдыларын: гигиеналық шараларды орындауды, өзіне-өзі қызмет ету және өзара көмек көрсету дағдыларын, шынықтырудың барлық әдістерін жас ерекшелігіне сай сандық және сапалық көрсеткіштерге қол жеткізе отырып, негізгі қымыл түрлерін, қымылдарды еркін менгеріп, саналы түрде ойын ережесін сақтауды, қозғалыс әрекетінде қарапайым өзін-өзі бақылауды, ағзаны шынықтыру және дene сымбатын сақтау тәсілдерін, күн тәртібін сақтауды үйренеді.

Коммуникативтік-тілдік дағдылар: тілдесу ережелерін: сөзсіз тілдесу құралдарын, сөйлесу әдебін, сөз тіркесі мен сөйлемдерді грамматикалық дұрыс құрастыруды, сөйлеуде таныс сөздердің құрделі түрлерін қолдануды, дыбыстарды анық, дұрыс, мәнерлеп айтуды, жіктеуді, дыбыстың шартты белгілерінің көмегімен буын мен сөз құрастыруды, сөзжасам дағдыларын, заттардың белгілері мен сапа ларына сүйене отырып, сөздің мағынасын түсіндіре және қолдана алушы, берілген тақырып, сурет бойынша жалаң және жайылма сөйлемдерді қолдана отырып, байланыстырып, бірізділікпен әңгіме құрастыруды, түрлі оқиғаларды мазмұндалап айтуды, ертегілерді ойдан құрастыруды, ойында сөз және өлең үйқастарын құрастыруға, көргеніне сүйене отырып, таныс шығармалардың мәтінін мазмұндауды, дыбыстарды айтуда және дыбыстық талдауда білімін қолдануды, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды, дыбыстарды сипаттауды үйренеді.

Танымдық дағдылар: адам өміріндегі маңызына және қолданылуына байланысты заттарды даярлау үшін пайдаланылатын материалдардың қасиеттері мен алуан түрлілігі

туралы, қоршаган ортадағы обьектілердің ерекше және маңызды белгілерін бөліп көрсете отырып, олар туралы түсініктерді, жапсыру және сурет салу түрінде геометриялық пішіндерден шынайы және абстракциялық обьектілердің қарапайым ұлғілерін жасауды, болмашы ерекше белгілері бойынша жануарлар мен өсімдіктерді ажыратта білуді, табигат бұрышындағы мекендеушілерді күтіп-баптауды, құнделікті өмірдің жаңа жағдайларында қауіпсіздікті сактауды, түрлі белгілері бойынша обьектілерді жіктеуді, сөз арқылы кеңістіктік-уақыт қатынасын, кисынды ойлауды, нәтижеге жететін эксперимент әрекетіне мақсат қоя білуді, нәтижеге жетуді, алған ақпаратқа талдау жасауды, оны саналы түрде қолдануды үйренеді.

Шығармашылық дағдылар: музикалық аспап сүйемелдейтін әуенде, регистр дыбысын ажыратта алушы, балаларға арналған музикалық аспапта ойнау барысында, ән айтқанда, билегендеге минорлы және мажорлы дыбысталуды қабылдап, жаңғырта алушы, түрлі техникалық құралдарды өз бетінше қолдануды, жұмыстарды жаңа бөліктермен толықтыруды және әсемдеуді, қарастырган заттарының бояуының қанықтылығының маңыздылығын, өнердің басқа түрлерінің түпмәтінінде өнер туындыларына алғашқы талдау жасауды үйренеді.

Әлеуметтік дағдылар: мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын, әдеп, табиғаттағы өзін-өзі ұстая ережелерін, ересектермен бірлескен әрекетке жұмылуды, пайдасын тигізуге және оған қанағаттануды, өзінің және басқа халықтардың әдептілік нормалары мен олардың құндылығын, түсіністік, төзімділік танытууды, әлеуметтік ортада өзара қарым-қатынас жасау біліктілігін, қоғамдық тәртіп сактау дағыдаларының коммуникативтік дағдыларын менгереді.



Мектеп директоры  
Комиссия мүшелері:

С.Ешмуханбетов  
Ж.Турымбетова.  
Ж.Наанова  
Ж.Чуйиншакалиева  
С.Кенжегалиев